

**Сауда нүктелерінің Сатушыларына арналған
"TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" жарнамалық Акциясын өткізу ережелері
(бұдан әрі - "Ережелер")**

1. "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" АКЦИЯСЫНЫҢ (бұдан әрі – "Акция") ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:

Акцияның Тапсырыс берушісі болып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, БСН 131140026174, 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Қонаев к-сі, 77, 9 қабат, "Park View Office Tower" БО мекен-жайында орналасқан "ТотальЭнерджис Маркетинг Қазақстан" ЖШС табылады (бұдан әрі - "**Тапсырыс берушісі**");

Акцияның Ұйымдастырушысы болып "ТотальЭнерджис Маркетинг Қазақстан" ЖШС-нің тапсырысы бойынша әрекет ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, БСН 050840004119, 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 135, 2 Блок, 10 қабат, 2104 кеңсе мекен жайында орналасқан "Urban Media" (Урбан Медиа) ЖШС табылады (бұдан әрі - "**Ұйымдастырушысы**").

2. АКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ

2.1. Осы Акция "TotalEnergies" және "Elf" сауда маркаларының мотор майларын сататын сауда нүктелерімен өзара әрекеттесуді дамытуға, сондай-ақ "Total Quartz" және "Elf Evolution" өнімдерін сату көлемін арттыруға байланысты белгілі бір маркетингтік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған іс-шара ретінде өткізіледі.

2.2. Акция қатысу үшін ақы төлеуді талап етпейді, лотерея, бәс тігу, тотализатор, құмар ойын немесе Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңының талаптарына сәйкес тәуекелге негізделген өзге ойын болып табылмайды.

3. ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

"TotalEnergies Quartz Club" - " TOTALENERGIES QUARTZ CLUB " (әрі қарай" Клуб")

Акциясына қатысу үшін арнайы әзірленген бағдарлама, ол келесілерде орналасқан:

-WhatsApp-та - "TotalEnergies Quartz Club" Бот (әрі қарай - "WhatsApp-бот");

- www.totalenergiesquartzclub.kz промо-сайтында (әрі қарай - "Сайт")

Акциялық өнім - Тапсырыс берушінің өнімі - "Total QUARTZ" және "ELF" сауда белгісімен шығарылатын, көлемі 4 немесе 5 литр канистрдегі, тұтқырлығы 5 және 0, жапсырылған Акциялық жапсырмалары бар мотор майлары.

Акциялық жапсырма – Акциялық өнімде орналастырылған, промо-код орналасқан жыртылмалы бөлігі бар арнайы жапсырма, ол 2 түрлі болуы мүмкін:

- QR-код түріндегі Промо-код: Тұтынушыға, тұтынушыларға арналған "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" жарнамалық Акциясының қатысушысына жеңілдік түріндегі кепілдендірілген жүлдені (әрі қарай - "Код-1") алуға мүмкіндік береді.

- 7 таңбалы код түріндегі Промо-код: Тұтынушыға, тұтынушыларға арналған "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" жарнамалық Акциясының қатысушысына жеңілдік түріндегі кепілдендірілген жүлдені (әрі қарай - "Код-2") алуға мүмкіндік береді.

Промо-кодтар (QR-код және 7-таңбалы код түріндегі Промо-код) бірегей болып табылады, Акциялық жапсырмаларда қайталанбайды.

Бір Промо-код (QR-код және 7-таңбалы код түріндегі Промо-код) 1 (бір) реттен артық пайдаланыла алмайды.

Сатушының QR-коды - Сатушы туралы жасырын ақпаратты (ТАӘ, Телефон нөмірі) қамтитын, Акцияға қатысатын сауда нүктесінде орналастырылған бірегей матрицалық QR-код (әрі қарай "СН" және "Сатушының QR-коды");

Сатушының ID - тұтынушымен, "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" жарнамалық Акция қатысушысының кепілдендірілген жүлдені алуы үшін қажетті, Акцияға қатысатын сауда нүктесінде орналастырылған СН Сатушысының 4-таңбалы цифрлық коды.

Акцияның қысқа нөмірі - "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" Акциялары шеңберінде SMS-хабарламалар жіберу және алу үшін пайдаланылатын қысқа ұялы нөмір 2086 (әрі қарай - "Қысқа нөмір");

Сауда өкілі - "ТотальЭнерджис Маркетинг Қазақстан" ЖШС дистрибьюторларының өкілі/қызметкері, ол Тапсырыс берушінің жарнамалық белсенділігін жариялайды, Сатушыны және СН-н Акцияға қатысуға тіркейді, өнімдерге Акциялық жапсырмалар жапсырады және СН-н жарнамалық материалдармен және Акциялық өніммен қамтамасыз етеді.

4. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

4.1. Акцияны өткізу кезеңі: 2023 жылғы "01" қаңтардан бастап 2023 жылғы "31" желтоқсанға дейін (әрі қарай – "Акция кезеңі").

4.2. 7 таңбалы код және QR-кодтар түріндегі Промо-кодтарды белсендіру кезеңі: 2023 жылғы "01" қаңтардан бастап 2023 жылғы "31" желтоқсанға дейін (әрі қарай – "Кодтарды тіркеу кезеңі").

4.3. Жаңа сауда нүктелері мен Сатушыларды тіркеу мерзімі, сондай-ақ Акциялық өнімдерге Акциялық жапсырмаларды жапсыру мерзімі - 2023 жылғы "01" қаңтардан бастап 2023 жылғы "28" желтоқсанға дейін.

4.4. Акцияның ұтыс ойынын өткізу күні: 2023 жылдың "30" желтоқсанына дейін.

4.5. Сатушылар рейтингін өткізу күндері:

- 2023 жылғы "20" сәуірге дейін;
- 2023 жылғы "20" шілдеге дейін;
- 2023 жылғы "20" қазанға дейін;
- 2024 жылғы "20" қаңтарға дейін;

4.6. Акция Жеңімпаздарына жүлделерді беру мерзімдері:

- Кепілдендірілген жүлде - 2024 жылдың "20" қаңтарынан кешіктірілмей беріледі.
- Сатушылар рейтингісінің жүлделері – 2024 жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей.
- Акция ұтысының жүлделері – 2024 жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей.

4.7. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдері мен уақыты Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша есептеледі.

5. АУМАҒЫ, ПРОМО-САЙТЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

5.1. Акция Қазақстан Республикасының (ҚР) аумағында өткізіледі:

- Алматы қ.: "Сag City", "Auto City", "Тұлпар", "Жібек жолы", "Ақ орда", "Бақ орда", "Кенжехан", "Алтай", "Сапар", "Жетісу" көлік базарлары, "Аман Авто" сауда орталығы, қаладағы жеке сауда нүктелері (СН);

- Қашықтағы СН (Алматы қаласынан тыс): Қарғалы ы.а., Қалқаман ы.а., Өтеген Батыр кенті, Жетіген кенті, Талғар қаласы, Есік қаласы, Қаскелең қаласы, Боралдай кенті, Қапшағай қаласы, бағдары Құлжа тас жолы 43.

- **Көкшетау қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері;
- **Петропавл қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері;
- **Ақтөбе қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері;
- **Орал қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері;
- **Павлодар қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері (СН);
- **Астана қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері (СН);
- **Қарағанды қаласында:** қала бойынша жеке сауда нүктелері (СН).

Акцияны өткізу орны:

- www.totalenergiesquartzclub.kz промо-сайтында (әрі қарай - "Сайт");
- WhatsApp – "TotalEnergies Quartz Club" боты (әрі қарай - "WhatsApp-бот").

5.2. Акцияны өткізу Ережелері, мерзімдері, Акция талаптарындағы өзгерістер (толықтырулар) туралы Қатысушыларды хабардар етуді Ұйымдастырушы ақпаратты келесідей жариялау арқылы жүзеге асырады:

- Интернет желісінде www.totalenergiesquartzclub.kz промо-сайтында;
- +7 (747) 664 29 94 нөмірі бойынша "Шұғыл желі" ақпараттық желісі арқылы (қоңыраулар ақылы, қоңырау құнын қатысушының ұялы байланыс тарифтеріне сәйкес қатысушының ұялы операторы алады);
- WhatsApp-Ботта;
- Ұйымдастырушының және(немесе) Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша өзге де тәсілдермен.

5.3. "Шұғыл желі" ақпараттық желісі демалыс және мереке күндерін есептемегенде, күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді.

5.4. Ұйымдастырушы және (немесе) Тапсырыс беруші кез келген уақытта Акцияның шарттарын өзгертуге, оның өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға, Акция туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

Акция және оның шарттары туралы жаңартылған (қосымша) ақпарат Тапсырыс беруші осындай өзгерісті (жаңартуды) бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сайтқа, WhatsApp-ботқа жариялануы тиіс.

5.5. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа және даулы жағдайлар туындаған кезде, Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыстар жүргізбеу құқығын өзіне қалдырады.

6. АКЦИЯЛЫҚ ӨНІМГЕ ЖАПСЫРМА ЖАПСЫРУ ТӘРТІБІ

6.2. Акциялық жапсырмалар салуды Тапсырыс беруші дистрибьюторының сауда өкілі Акцияға қатысатын барлық өнімге жүзеге асырады. Сауда өкілі әрбір СН-де желімделген Акциялық жапсырмалардың санын тіркейді, сондай-ақ растау және Акцияның Ұйымдастырушысына ұсыну үшін желімделген Акциялық өнімді суретке түсіреді.

СН қоймасындағы өнімдерге де Акциялық жапсырмалар желімделуі тиіс.

7. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

7.1. Акцияның жүлде қоры Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаты есебінен қалыптастырылады және келесі Жұлделерден тұрады (әрі қарай бірлесіп – "Жұлде", "Жұлделер"):

7.1.1. Кепілдендірілген жүлде: 01.01.2023ж. бастап 31.12.2023ж. дейінгі кезеңде сатылған әрбір Акциялық өнім үшін Ұйымдастырушы Сатушының жеке картасына аударатын 1500 теңге мөлшеріндегі ақшалай жүлде.

7.1.2. Сатушылар Рейтингісінің Жұлделері:

- А санаты:
 - 1 орын - "100 000 (жүз мың) теңге мөлшеріндегі ақшалай жүлде", жүлделердің жалпы саны – 1 (бір) дана;
 - 2 орын - «Маусымдық жарнамалық форма, сәнді сөмке, бас киім», жүлделердің жалпы саны – 1 дана;
 - 3 орын - «2 футболка, бас киім», жүлделердің жалпы саны – 1 дана.
- В санаты:
 - 1 орын - "50 000 (елу мың) теңге мөлшеріндегі ақшалай жүлде", жүлделердің жалпы саны – 1 (бір) дана;
 - 2 орын - Маусымдық жарнамалық форма, бас киім», жүлделердің жалпы саны – 1 дана;
 - 3 орын - «1 футболка, бас киім», жүлделердің жалпы саны – 1 дана.
- С санаты:
 - 1 орын - "20 000 (жиырма мың) теңге мөлшеріндегі ақшалай жүлде", жүлделердің жалпы саны – 1 (бір) дана;
 - 2 орын - Маусымдық жарнамалық форма, бас киім», жүлделердің жалпы саны – 1 дана;
 - 3 орын - «1 футболка, бас киім», жүлделердің жалпы саны – 1 дана.

7.1.3. Акция Ұтыс ойынының Жұлделері:

- 30000 (отыз) мың теңге сомасына техника сатып алуға Сертификат - 1 орын;
- 20000 (жиырма) мың теңге сомасына техника сатып алуға Сертификат - 2 орын;
- 10000 (он) мың теңге сомасына техника сатып алуға Сертификат - 3 орын.

7.2. Акция жүлделерінің саны шектеулі. Акция жүлделерінің жалпы саны, түрі және құрамы Акцияға Тапсырыс берушінің шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін. Егер Тапсырыс беруші Акция жүлделерінің санын, түрін және құрамын өзгерткен жағдайда, олар бұрын белгіленгенге мөлшерлес болуға тиіс.

7.3. Акция жүлделерінің сыртқы түрі мен өзге де сипаттамалары жарнамалық материалдарда ұсынылған суреттермен және Қатысушылардың жеке күтулерімен сәйкес келмеуі мүмкін.

8. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

8.1. Акцияға осы Ережелердің 6.1 т. сәйкес СН Сатушылары болып табылатын (әрі қарай – Сатушы және(немесе) Қатысушы) 18 (он сегіз) және одан жоғары жастағы ҚР әрекетке қабілетті азаматтары және тұруға рұқсаты бар және ҚР аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары қатыса алады;

8.2. Акцияға қатысуға жол берілмейді:

- Ереженің 8.1 т. талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар;
- Ұйымдастырушының, Тапсырыс берушінің, Тапсырыс беруші дистрибьюторларының қызметкерлері;
- Ұйымдастырушымен және (немесе) Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар;
- Ұйымдастырушы/Тапсырыс берушімен бекітілген және Акцияны Ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері;
- жоғарыда аталған адамдардың жақын туыстары;
- ҚР азаматтығы жоқ адамдар және тұруға рұқсаты жоқ өзге мемлекеттердің азаматтары.

8.3. Акцияға толық 18 жасқа толмаған, әрекет қабілеті шектеулі, әрекетке қабілетсіз деп танылған, осы Ережелерде белгіленген өзге қатысу сынбағамдарына сәйкес келмейтін адамдардың қатысу фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші оларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) жұлде беруден бас тартуға құқылы.

8.4. Сатушыны Клубта тіркеу тәртібі:

8.4.1. Ережелердің 8.1-8.2 тармақтарының талаптарына сәйкес келетін Сатушыны тіркеуді Сауда өкілі жүзеге асырады.

8.4.2. Тіркеу үшін Сатушы Сауда өкіліне келесі ақпаратты ұсынуы керек:

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолданыстағы ұялы телефон нөмірі, нақты тұрғылықты мекенжайы;

- жеке басын куәландыратын құжаттың немесе ТР куәлігінің көшірмесі (ЖСН көрсетілген);

- Сатушының банктік картасының нөмірі (әрі қарай - "**Меншік карта**") және Сатушының банктік деректемелері (банктің атауы, БСК, IBAN карточкалық шотының нөмірі) туралы ақпаратты қамтитын Банктің хабарламасы.

- Кепілдендірілген жұлденің ақшалай сомасын, Сатушылар рейтингісінің жұлдесін ұтып алған жағдайда Ұйымдастырушы Сатушының меншік картасына аударуына жазбаша келісім.

- Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші сұратуы мүмкін өзге де құжаттар, оның ішінде дербес деректерді өңдеуге келісім

8.4.3. Қатысушы осы Ереженің 8.4.2 тармағында көрсетілген деректерді ұсынғаннан кейін, Сауда өкілі мұндай деректерді Ұйымдастырушыға береді, ал Ұйымдастырушы өз кезегінде Сатушыны клубта тіркеуді жүзеге асырады және Сатушыға Сатушының QR-кодын және Сатушының ID-ін береді.

8.4.4. Сатушының QR-кодын және Сатушының ID-ін алған Сатушы клубта тіркелген болып есептеледі.

8.5. Сатушының меншік картасына қойылатын талаптар

Акцияға қатысу және жұлделерді есептеу мақсатында Сатушы Ұйымдастырушыға ұсынатын меншік карта келесі сынбағамдарға сәйкес келуі керек:

- Акция қатысушысына тиесілі;

Банк меншік картаны Акцияға Қатысушының атына шығаруы тиіс. Корпоративтік банктік карталарының және (немесе) өзге жеке тұлғаларға рәсімделген банктік карталар деректерін ұсынуға жол берілмейді;

- Меншік картаны OFAC санкциялық тізіміне енгізілмеген ҚР резидент Банкі шығаруы тиіс.

Ұйымдастырушы OFAC санкциялық тізіміне енгізілген шетелдік банктер мен ҚР резидент банктерінің банк карталарының деректерін қабылдамайды;

- Меншік картаның жарамдылық мерзімі 2023 жылдың 31 наурызынан ерте болмауы тиіс. Жарамдылық мерзімі 2023 жылғы 31 наурыздан бұрын аяқталған банк карталарын Ұйымдастырушы қабылдамайды;

- Меншік карта дебеттік болуы керек.

ҚР ЗТМО-дан зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге арналған кредиттік және әлеуметтік карталардың деректері қабылданбайды.

8.6. Акцияға қатысу және тұтынушыға Акциялық өнімге жеңілдік беру тәртібі

8.6.1. Акция мерзімі ішінде Сатушы тұтынушыларға (мотор майларын ықтимал сатып алушыларға) Акциялық өнімге жеңілдік алуға, сондай-ақ тұтынушылар үшін "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" жарнамалық Акциясының жұлделерінің ұтыс ойынына қатысуға ұсыныс береді.

8.6.2. Тұтынушы Сатушының ұсынысынан кейін жарнамалық өнімді сатып алу кезінде таңдауы бойынша екі түрлі конклюденттік әрекеттердің бірін жүзеге асыруы тиіс:

1) Код-1 арқылы:

- Сатушының QR-кодын сканерлейді;

- ашылған WhatsApp-Ботта тұтынушыларға арналған Акция ережелерімен танысады, келіседі және тіркейді;

- Акциялық өнімдегі Акциялық жапсырмадан Код-1-ді сканерлейді;

- Теңгемен жеңілдік мөлшері туралы хабарлама алады.

Жеңілдік мөлшері Акцияны өткізу үшін әзірленген арнайы компьютерлік бағдарламада кездейсоқ анықталады;

- Сатушыға жеңілдік мөлшері туралы хабарламаны көрсетеді;

- Акциялық өнімге көрсетілген жеңілдік алады;

- WhatsApp-Ботта ұсынылған тапсырмаларды орындауды жалғастырады.

2) Код-2 арқылы:

-Код-2-сі бар Акциялық өнімнің Акциялық жапсырмасынан қорғаныш қабатын кетіреді;

- Сатушыдан оның жеке Сатушы-ID-ін алады;

-Код-2-сі бар SMS-хабарламаны 2086 қысқа нөміріне келесі форматта жібереді: "Код-2 (бос орын) Сатушының ID (бос орын) Қатысушының тегі (бос орын) Қатысушының аты";

- 2 (екі) жауап SMS-хабарлама алады:

1) сайтқа кіру үшін сайтқа сілтеме, логин және құпиясөз;

2) Жеңілдік Мөлшері.

Жеңілдік мөлшері Ұйымдастырушы Акция өткізу үшін әзірлеген арнайы компьютерлік бағдарламада кездейсоқ анықталады;

- Сатушыға жеңілдік мөлшері көрсетілген жауап хабарламаны көрсетеді;

- Акциялық өнімге көрсетілген жеңілдік алады;

- сайтта ұсынылған тапсырмаларды орындауды жалғастырады.

Акциялық өнімді сататын Сатушы да Акция Қатысушысы үшін жеңілдік мөлшері бар WhatsApp-боттан хабарлама алады.

8.6.3. Сатушы мен Тұтынушы Ережелердің 8.6.2.т. шарттарын тиісінше орындаған жағдайда, Сатушы кепілдендірілген сыйлық алады.

8.6.4. Код-1 және (немесе) Код-2 бар Акциялық жапсырманың бір бөлігін жеңілдік алғаннан кейін Сатушы Тұтынушыдан - тұтынушылар үшін "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" жарнамалық Акциясына Қатысушыдан алуы тиіс, Акциялық жапсырманың екінші бөлігі Тұтынушыда Акциялық өніммен бірге қалады. Сатушыда Акциялық жапсырманың бір бөлігі болмаған жағдайда Сатушыға кепілдендірілген жүлде берілмейді.

8.7. СН Сатушыларының және(немесе) Иеленушілерінің телефон нөмірлері тұтынушыларға арналған Акцияға қатысуға жіберілмейді. Сатушылар мен Тұтынушыларға арналған Акцияға Сатушының және(немесе) СН иелерінің телефон нөмірін бір мезгілде тіркеу фактісі анықталған жағдайда, мұндай Сатушы екі Акцияға одан әрі қатысу және Акция жүлделерін алу құқығын жоғалтады, сауда нүктесі осы СН Сатушыларына тиесілі барлық жүлделердің және олардың Акцияға қатысуының күшін жоя отырып, Акцияға Қатысушылардың қатарынан шығарылады.

8.8. Ұйымдастырушының және(немесе) Тапсырыс берушінің, Қатысушыларға себептерін түсіндірмей және олармен хат алмаспай, өз қалауы бойынша Акцияға Қатысушылардың кез келген іс-әрекеттерін жарамсыз деп тануға, сондай-ақ Ұйымдастырушыда және(немесе) Тапсырыс берушіде Акцияға Қатысушының Акцияға қатысу үшін қажетті деректерді қолдан жасайды немесе кез-келген деректерді қолдан жасаудан пайда көреді деген негізделген күдіктері туындаған кез келген тұлғаны Акцияға одан әрі қатыстыруға тыйым салуға құқығы бар, бірақ келесі әрекеттермен шектелмейді:

- Егер Тапсырыс берушіде және(немесе) Акцияны Ұйымдастырушыда Қатысушының тіркеу кезінде берген ақпараты дұрыс емес, толық емес, қате немесе дәл емес екендігіне күмән болса;
- Егер Тапсырыс берушіде және(немесе) Акцияны Ұйымдастырушыда Қатысушы алаяқтық әрекеттерді, оның ішінде Сайтта және(немесе) WhatsApp-Ботта көптеген тіркеулерде, динамикалық және өзге де манипуляцияларда Акция Қатысушылары, Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші, үшінші тұлғалар үшін әртүрлі тұрпаттағы және дәрежедегі жағымсыз салдарларға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін алаяқтық әрекеттерді жасайтынына күмән/негіз болса
- Егер Қатысушы осы ережені бұза отырып әрекет етсе.

9. АКЦИЯНЫҢ РЕЙТИНГТЕРІ МЕН ҰТЫС ОЙЫНДАРЫ. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Айына екі рет, әрбір есептемелік кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні Ұйымдастырушы Сатушының әрбір ID (есеп) бойынша іске қосылған кодтардың саны жөніндегі деректерді кесте түрінде өз компьютеріне түсіреді және Сатушының әрбір ID бойынша кепілдік берілген жүлденің сомасын көрсете отырып, есептемелік кезең үшін жүлде қорын қалыптастырады.

9.2. Есептемелік кезеңдер: 01.01.2023-31.01.2023ж., 01.02.2023-28.02.2023ж., 01.03.2023-31.03.2023ж., 01.04.2023-30.04.2023ж., 01.05.2023-31.05.2023ж., 01.06.2023-30.06.2023ж., 01.07.2023-31.07.2023ж., 01.08.2023-31.08.2023ж., 01.09.2023-30.09.2023ж., 01.10.2023-31.10.2023ж., 01.11.2023-30.11.2023ж., 01.12.2023-31.12.2023ж.

9.3. Әрбір есептемелік кезең аяқталғаннан кейін, кепілдендірілген жүлдені алу үшін Сатушы міндетті түрде Сауда өкіліне Тұтынушылардан қабылданған тиісті кодтары бар (кодтар Ұйымдастырушы бағдарламасындағы кодтар бойынша деректерге сәйкес келуі тиіс) белсендірілген Акциялық жапсырмалардың жыртылмалы бөліктерін беруге, ал Сауда өкілі оларды қабылдау-тапсыру актісі бойынша Ұйымдастырушыға беруге тиіс.

9.4. Ұйымдастырушы төмендегі кестеге сәйкес Сатушыларға кепілдендірілген сыйлықтар береді:

Сауда өкілдерінің СН Сатушыларынан белсендірілген жапсырмаларды жинау және фотоесептемелерді жүзеге асыру кезеңі	Сауда өкілдерінен Ұйымдастырушыға есептемелерді (жапсырмаларды, фотоесептемелерді) ұсыну кезеңі	Сатушыларға кепілдендірілген жүлдені беру кезеңі
01.01.2023-31.01.2023	01.02.2023-07.02.2023	08.02.2023-15.02.2023
01.02.2023-28.02.2023	01.03.2023-05.03.2023	06.03.2023-15.03.2023
01.03.2023-31.03.2023	01.04.2023-05.04.2023	06.04.2023-15.04.2023
01.04.2023-30.04.2023	01.05.2023-05.05.2023	06.05.2023-15.05.2023
01.05.2023-31.05.2023	01.06.2023-05.06.2023	06.06.2023-15.06.2023
01.06.2023-30.06.2023	01.07.2023-05.07.2023	06.07.2023-15.07.2023
01.07.2023-31.07.2023	01.08.2023-05.08.2023	06.08.2023-15.08.2023
01.08.2023-31.08.2023	01.09.2023-05.09.2023	06.09.2023-15.08.2023
01.09.2023-30.09.2023	01.10.2023-05.10.2023	06.10.2023-15.10.2023
01.10.2023-31.10.2023	01.11.2023-05.11.2023	06.11.2023-15.11.2023
01.11.2023-30.11.2023	01.12.2023-05.12.2023	06.12.2023-15.12.2023
01.12.2023-31.12.2023	01.01.2024-07.01.2024	08.01.2024-20.01.2024

Ережелердің 9.4 тармағында көрсетілген кезеңдер, Сатушы кепілдендірілген жүлделерді аудару үшін банк шотының мәліметтерін Сатушы тіркелген күннен бастап және кепілдендірілген жүлдені берудің тиісті кезеңінен кешіктірмей берген кезде жарамды.

9.5. Ережелердің 9.4 тармағында көрсетілген жүлделерді беру кезеңдері Ұйымдастырушыға байланысты емес себептер бойынша өзгертілуі мүмкін (ҚР-да карантиндік, шектеу шараларын, тыйым салуларды енгізу, аза тұту күндерін жариялау және т.б.).

9.6. Сатушылар Сауда өкілдеріне Акциялық жапсырмаларды уақтылы ұсынбаған жағдайда, Сауда өкілдерінің Ұйымдастырушыға есеп беру кезеңдері, сол сияқты Сатушыларға кепілдік жүлделерді беру кезеңдері тиісінше Сатушылардың Акциялық жапсырмаларды беруді кешіктіру мерзіміне ауыстырылады.

9.7. Тұтынушы коды іске қосылмаған Акциялық стикері бар сатылған өнім үшін кепілдендірілген жүлде берілмейді.

9.8. САТУШЫЛАР РЕЙТИНГІСІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ

1) Сауда өкілі Акцияға қатысуды тіркеу үшін СН-н Ұйымдастырушыға берген кезде "СН иелерін және СН Сатушыларын Акцияға тіркеуге арналған үлгіні" толтырады, "санат" бөлімінде Сатушыға тоқсандағы орташа сатылымға байланысты санат беріледі. СН санаттарын беру сынбағамдары:

"А санаты" - тоқсанына кемінде 100 канистр көлемінде сатуды орындайтын Сатушыға беріледі.

"В санаты" - тоқсанына кемінде 50 канистр көлемінде сатуды орындайтын Сатушыға беріледі.

"С санаты" - тоқсанына кемінде 20 канистр көлемінде сатуды орындайтын Сатушыға беріледі.

Сатушы берілген санатты Whatsapp-боттағы "Мәртебе" бөлімінде немесе сайттағы Жеке кабинетте көре алады.

2) Сатушылардың рейтингін анықтауды Ұйымдастырушы Ережелердің 4.5 т. көрсетілген күні жүргізеді. Сатушылар рейтингін анықтау күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін, ұлттық аза тұту күндерін ескере отырып, сондай-ақ Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар туындаған кезде түзетілуі мүмкін.

3) Сатушылар рейтингінің Жеңімпазын анықтау:

- "А санатында" Жеңімпаз - 01.10.2022 жылдан бастап 31.10.2022 жылға дейінгі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда сату өсімінің ең көп санын (01.01.2023 жылдан бастап 31.03.2023 жылға дейінгі кезеңде кемінде 100 канистр) орындаған А санатындағы Сатушы;

- "В санатының" Жеңімпазы - 01.10.2022 жылдан бастап 31.12.2022 жылға дейінгі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда сату өсімінің ең көп санын (01.01.2023 жылдан бастап 31.03.2023 жылға дейінгі кезеңде кемінде 50 канистр) орындаған В санатының Сатушысы;

- "С санаты" бойынша Жеңімпаз - 01.10.2022 жылдан бастап 31.12.2022 жылға дейінгі алдыңғы

кезеңмен салыстырғанда сату өсімінің ең көп санын (01.01.2023 жылдан бастап 31.03.2023 жылға дейінгі кезеңде кемінде 20 канистр) орындаған С санатындағы Сатушы.

4) Егер бір санатта сату саны тең 2 (екі) Қатысушы анықталған жағдайда, Жеңімпаз осындай екі Сатушының арасынан кездейсоқ таңдау жолымен кездейсоқ сандар генераторының көмегімен айқындалады.

9.9. АКЦИЯНЫҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

1) Акция ұтыс ойынына (әрі қарай – ұтыс ойыны) есептемелік тоқсан ішінде Акциялық өнімнің 20 және одан да көп канистрлерін сатқан Сатушылар қатысады. Есептемелік тоқсандар:

- 01.01.2023-31.03.2023 жылдар кезеңінде;
- 01.04.2023-30.06.2023 жылдар кезеңінде;
- 01.07.2023-30.09.2023 жылдар кезеңінде;
- 01.10.2023-28.12.2023 жылдар кезеңінде.

2) Ұтыс ойынын Ұйымдастырушы Ережелердің 4.4 т. көрсетілген күні өткізеді. Акция жүлделерінің ұтыс ойынын өткізу күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін, ұлттық аза тұту күндерін ескере отырып, сондай-ақ Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар туындаған кезде түзетілуі мүмкін.

3) Ұтыс ойыны барысында Ұйымдастырушы компьютерлік бағдарламаның көмегімен осы Ережелердің 9.9 тармағының 1) тармақшасының шарттарына сәйкес келетін СН барлық Сатушылары арасында рандомды түрде ұтыс ойынының 3 Жеңімпазы - келесі жүлделердің иегерлері анықталады:

- 1 орын – 30 000 теңге сомасына техника сатып алуға Сертификат;
- 2 орын – 20 000 теңге сомасына техника сатып алуға Сертификат;
- 3 орын – 10 000 теңге сомасына техника сатып алуға Сертификат;

9.10. Ұйымдастырушы Сатушылар рейтингісінің Жеңімпаздарын, ұтыс ойынының Жеңімпаздарын жүлденің ұтылғаны туралы келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді:

- Ұтыс ойыны өткізілетін күннен кейін - Акцияның ұтыс ойыны Жеңімпаздары үшін;
- Сатушылар рейтингін анықтау күнінен кейін - Сатушылар рейтингінің Жеңімпаздары үшін.

Ұйымдастырушы Акцияға қатысу үшін Сатушы ұсынған ұялы телефон нөміріне телефон қоңырауы арқылы Акция Жеңімпазын хабардар етеді.

Ұйымдастырушыға және(немесе) Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептер бойынша Сатушылардың ұтыс ойыны/рейтингі өткізілген күннен кейінгі 3 жұмыс күні ішінде Жеңімпазбен байланысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, мұндай Жеңімпаз жеңіске деген өз мүмкіндігін жоғалтады, жүлдені алу құқығын жоғалтады.

9.11. Кепілдендірілген жүлделер, Сатушылар рейтингісінің жүлделері Жеңімпаздарға тек келесі мерзімде Жеңімпаздың жеке картасына ақша аудару арқылы беріледі:

- Кепілдендірілген жүлделер үшін - 2024 жылғы 20 қаңтардан кешіктірілмейді;
- Сатушылар рейтингісінің жүлделері үшін - 2024 жылғы 1 ақпаннан кешіктірілмейді.

Егер Ережелердің осы тармағында белгіленген мерзімде жүлде Жеңімпаздың жеке картасына есептелмесе және Жеңімпаз жүлдені алудың соңғы күні сағат 23:59-ға дейінгі мерзімде Ұйымдастырушыға жүлдені алмағаны туралы хабарламаса, мұндай жүлде талап етілмеген деп танылады, Жеңімпаз жүлдені алу құқығынан айырылады.

9.12. Акцияның ұтыс ойыны жүлделерін Ұйымдастырушы Жеңімпаз Ұйымдастырушыға көрсеткен (Ережелердің 8.4.2 т.) мекен-жайға 2024 жылғы 1 ақпаннан кешіктірілмейтін мерзімде курьерлік (пошта) қызмет арқылы жібереді.

9.13. Ұйымдастырушының Акцияның ұтыс ойыны жүлделерін Жеңімпаздарға тапсыру жөніндегі міндеттемелері Ұйымдастырушы жүлдені курьерлік (пошта) қызметке берген сәттен бастап орындалған болып есептеледі.

Жеңімпаз өзіне Ұйымдастырушы жіберген ұтыс ойынының жүлдесін курьерлік (пошталық) қызметтен өз бетінше алуға тиіс.

9.14. Акция ұтыс ойынының жүлдесіне меншік құқығы Жеңімпазға осындай жүлдені курьерлік (пошта) қызметінің өкілі тапсырған сәттен бастап; кепілдендірілген сыйлыққа және(немесе) Сатушылар рейтингінің жүлдесіне – ақша Сатушының меншік картасына түскен сәттен бастап өтеді.

9.15. Акция жүлдесін алған сәттен бастап Қатысушы жүлденің кездейсоқ жойылу, жоғалу, ұрлау немесе алынған жүлденің бүлінуі қаупін өз бетінше мойнына алады.

9.16. Акция жүлделерін кез келген басқа баламамен ауыстыруға жол берілмейді. Акция ұтыс ойынының жүлделерін ақшалай баламаға ауыстыруға жол берілмейді.

Жеңімпаздың жүлдені алу құқығын үшінші тұлғаларға беруіне жол берілмейді.

9.17. Ұйымдастырушыға және(немесе) Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептермен, оның ішінде Жеңімпаздың курьерлік(пошта) қызметтерінің, байланыс қызметтерінің, компьютерлік жүйелерінің, қызмет көрсететін банктің жұмысындағы іркілістерге байланысты Жеңімпаз жүлдені тапсыру және(немесе) алу мүмкін болмаған, Жеңімпаз осы Ережелерде көрсетілген және(немесе) курьерлік (пошталық) қызметтер және т.б. айқындаған жүлдені алу мерзімін бұзған жағдайда мұндай жүлде талап етілмеген деп танылады, тиісті Жеңімпаз қайтадан талап ете алмайды, ақшалай және (немесе) өзге өтемақы берілмейді және Жүлдені Тапсырыс беруші өз ұйғарымы бойынша пайдаланады.

9.18. Барлық талап етілмеген жүлделер Тапсырыс берушінің меншігінде қалады, ол оларды өз ұйғарымы бойынша пайдалана алады.

9.19. Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші Сатушыны Акцияға қатыстырудан және/немесе жүлдені беруден келесі жағдайларда бас тартуға құқылы:

1) растайтын Акциялық жапсырмалар болмаған кезде. Ұйымдастырушы жоқ Акциялық жапсырмалардың санына тең жүлдені беруден бас тартуға құқылы;

2) сауда өкіліне Акциялық жапсырмаларды ұсыну Ережелердің 9.4-тармағында айқындалған есептік кезеңде Акциялық жапсырмаларды берудің соңғы мерзімінен кейінгі 7 жұмыс күнінен астам мерзімге кешіктірілген жағдайда, Акцияны Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші мұндай Сатушыны кепілдік берілген жүлдені алушылар тізімінен шығаруға құқылы және Сатушы тиісті есептемелік кезең үшін жүлделерді алу құқығынан айырылады.

3) Сатушының (тіркеу кезінде) анық емес және/немесе жалған (оның ішінде қате) жеке / дербес деректерді көрсетуі;

4) Сатушының жүлдені алғанын растайтын құжатты және/немесе дербес деректерді өңдеуге келісімді толтырудан және/немесе оған қол қоюдан бас тартуы;

5) Акцияны Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші қосымша сұратқан ақпараттарды қоса алғанда, Сатушы жүлдені алу үшін қажетті барлық ақпаратты Ұйымдастырушы және(немесе) осы Ережелерде белгіленген мерзімде ұсынбаған/уақтылы ұсынбаған жағдайда;

6) Ұйымдастырушының ақшалай қаражатты Сатушының меншік картасына аударуы үшін қажетті банктік деректемелер туралы ақпаратты қамтитын Банктің хабарламасын Сатушының Ұйымдастырушыға ұсынуынан бас тартуы;

7) Сатушының Ұйымдастырушыға ақшалай жүлдені осы банк картасына аудару үшін қолданыстағы меншікті банк картасын пайдалануға жазбаша келісім беруден бас тартуы;

8) Сатушының осы Ережелердің 8.5 тармағының талаптарына сәйкес келмейтін өз картасының деректерін ұсынуы;

9) Ұйымдастырушыға және(немесе) Тапсырыс берушіге байланысты емес себептер бойынша, банк картасын бұғаттау және(немесе) меншік карта байланыстырылған банк шотына тыйым салумен шектелмейтін, ақшалай жүлдені Жеңімпаздың меншік картасына аударудың мүмкін еместігі;

10) СН иесі және (немесе) Сатушы тарапынан алаяқтық іс-әрекеттер белгілері анықталған жағдайда, сол сияқты жүлдені алуға бағытталған өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттерді (әдейі алдау) қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:

- Акциялық өнімді сату фактісіз жүлдені алуға бағытталған сауда нүктесінің және(немесе) Сатушының кез келген әрекеті;

- "жалған"/ойдан шығарылған тұлғаларға тіркелген телефон нөмірлерін тұтынушылардың нөмірлері ретінде Акцияға тіркеу және/немесе пайдалану;

- әртүрлі немесе бірдей атаулармен/фамилиялармен бірнеше Қатысушы ретінде тіркелу;

- Акциялық жапсырмаларды қолдан жасау;

- жүлдені құқыққа қайшы жолмен алуға бағытталған басқа да жағдайларда.

9.20. Сатушы осы Ережелердің 9.19-тармағы 10) тармақшасында, 8.7-тармақта аталған әрекеттерді жасаған жағдайда. Ұйымдастырушы осындай Сатушыға және сауда нүктесінің өзге де Сатушыларына тиесілі барлық жүлделердің күшін жоя отырып, Сатушыны және сауда нүктесін Акцияға қатысудан дереу алып тастауға құқылы.

Егер Қатысушының және(немесе) сауда нүктесінің мұндай іс-әрекеттері Ұйымдастырушыда және(немесе) Тапсырыс берушіде залалдардың туындауына әкеп соқса, Қатысушы мұндай залалдарды толық көлемде өтеуге тиіс.

9.21. Сатушы және(немесе) СН иесі әкімшілік немесе қылмыстық әрекет белгілері бар әрекеттерді жасаған жағдайда Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші ҚР заңнамасына сәйкес әрекеттердің құқыққа қарсы мәселесін шешуді ҚР Құқық қорғау органдарының қарауына беруге құқылы

10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

10.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы нақты және өзекті (анық) деректерді көрсетуге

міндеттенеді, сондай-ақ өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете отырып, Ұйымдастырушы мен Тапсырыс берушіге келесі шарттарда өзінің дербес деректерін өңдеуге келісім береді: дербес деректерді тек Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші, сондай-ақ олар өкілеттік берген тұлғалар ғана пайдаланатын болады және осы Акциямен байланысты емес мақсаттар үшін ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейді.

10.2. Қатысушының дербес деректерімен келесі іс-әрекеттерді жасауға келісім беріледі: Қазақстан Республикасының заңнамасында, атап айтқанда, 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және осы Ережелерде көзделген жағдайларда және көлемде жинау, өңдеу, пайдалану, тарату, сақтау.

10.3. Акцияға қатыса отырып, Қатысушылар Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге Акцияны өткізу мақсаттары үшін өздері ерікті түрде ұсынған дербес деректерді Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші, сондай-ақ олар өкілеттік берген тұлғалар деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңдейтініне өз келісімін береді.

10.4. Қатысушының дербес деректерін өңдеуге келісімін кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші және(немесе) олар өкілеттік берген тұлғалар осындай Қатысушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатады және дербес деректерді кері қайтарып алу келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жояды. Бұл кезде Қатысушының Акцияға одан әрі қатысуына және оның жүлделерді алуына жол берілмейді.

10.5. Жеке деректерді өңдеуге келісімді Акцияға Қатысушы Акция басталған күннен бастап 2024 жылғы 30 наурызға дейінгі мерзімге ұсынады.

10.6. Акцияға Қатысушылардың дербес деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялық шарттарында Ережелердің 10.5 тармағында айқындалған мерзім аяқталғанға дейін сақталады және өңделеді, содан кейін дербес деректер жойылуға жатады.

11. ӨЗГЕ ШАРТТАР

11.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы осы Акция ережелерімен танысқанын және онымен келісетінін растайды, оның ішінде ол Акция Жеңімпазы деп танылған жағдайда Ұйымдастырушы оның тегі, аты, әкесінің аты және тұратын қаласы туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алатындығына өзінің келісімін растайды.

11.2. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші Жеңімпаздардың, Акцияға Қатысушылардың аттарын, тектерін, сондай-ақ олар туралы сұхбаттар мен өзге де материалдарды Акцияны өткізу жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

11.3. Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші:

- Қатысушылардың Акцияға қатысуға және жүлделер алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);

- Қатысушылардың осы Акция ережелерімен таныспауы, сол сияқты олардың Акцияны өткізу нәтижелерімен таныспауы;

- Қатысушылардан хаттарды, телефон қоңырауларын, электрондық және SMS хабарламаларды, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс Ұйымдарының кінәсінен, Акция өткізу кезінде пайдаланылатын интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы техникалық мәселелер және/немесе алаяқтық нәтижесінде алмауы;

- Қатысушылардан жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмау (уақтылы алмау);

- Қатысушылардан Акцияны өткізу және жүлделерді беру мақсатында қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыстық және / немесе өзге де мәліметтерді алу;

- Ұйымдастырушының және(немесе)Тапсырыс берушінің кінәсінен тыс туындаған SMS-хабарламалардың кідіруі және/немесе жеткізілмегені үшін, сондай-ақ ұялы байланыс операторларының, интернет-провайдерлердің кез келген басқа техникалық іркілістері, профилактикалық жұмыстары және басқа үшін;

- Қатысушының қате деп танылған іс-әрекеттерінің және(немесе) әрекетсіздігінің қандай да бір салдары үшін, оған келтірілген шығындарды қоса алғанда (басқаларынан өзге);

- Сатушының меншік картасына қызмет көрсететін банктің дұрыс жұмыс істемеуінен/жұмысындағы іркілістерден туындаған ақшалай жүлдені аударудағы кідіріс үшін.

- Ұйымдастырушыға және (немесе) Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептермен Сатушының банктік шотына тыйым салу, бұғаттау, меншік картасын немесе картадан ақша қаражатын ұрлаумен шектелмей, ақшалай жүлдені аудару және(немесе) алу мүмкін еместігі үшін,.

11.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен салық салынатын кірістерге жүлделер жатады. Қатысушы табысының осы түрі бойынша жеке табыс салығын есептеуді және

ұстауды Акцияны Ұйымдастырушы болып табылатын Қатысушының салық агенті жүргізеді.

11.5. Осы Ережелердің мәтіні Қатысушыларға толық және қысқаша нұсқада (қысқаша шарттар) беріледі. Акцияның қысқаша шарттары Сатушыны Қатысушы ретінде тіркеу сәтінде Сауда өкілі басып шығарған Акцияның толық ережелерімен бірге Сатушыға берілетін жарнамалық лифлетте қамтылған.

11.6. Акцияға Қатысушы кез келген сәтте сауда нүктесіне бекітілген Сауда өкілінен Акцияны өткізу шарттары мен мерзімдері туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

11.7. Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші Акцияны өткізу шарттарын дербес өзгертуге құқылы. Мұндай өзгерістер сайтта жариялануы тиіс.

11.8. Осы Ережелерде көзделмеген барлық жағдайларда Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Акцияға Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.